

Жазғы демалыс:
қауіпсіздікті
күшейту қажет
2-бет



Мемлекеттік
қызмет мінсіз
болуы тиіс
3-бет



Тамыр
кеңейсе де қауіп
6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

СЕЙСЕНБІ, 30 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ №59 (23 235)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

Құрметті қарағандылықтар!

31 мамыр халқымыздың басынан өткен ең сұрапыл да қасіретті кезеңдерді еске алатын – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Халқымыздың тарихында мерейі тасыған дәуірлермен қатар, «тар жол тайғақ кешкен» кезеңдердің де аз болмағаны ақиқат.

XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін, репрессия, депортация, Тәуелсіздік үшін күрес – мыңдаған жазықсыз жандардың көз жасы тарихымыздың шерлі беттерінің бірі болып саналады. Біздің халық қуғын-сүргін кесірінен жазықсыз жапа шеккен қайраткерлердің есімін еске алуды, олардың рухына құрмет көрсетуді есінен шығарған емес. Ата-бабаларымыздан дарыған қайсарлық пен төзімділіктің арқасында қатаң сыннан абыроймен өтіп, біртұтас ұлт ретінде бірігуге мүмкіндік алдық. Бұл қиындықты елімізге еріксіз, күшпен жер аударылып келген 1,5 миллион өзге этнос өкілдері де көрді. Қазіргі таңда сол ұлттардың барлығы біздің бауырымызға, отандасмызға айналды. Тар жерде табыскандардың ұрпағы – кең жерде келісіп, бүгін тағдыры бір Қазақстан халқы деген ұлы елге айналды. Еліміз бейбітшіліктің бесігі атанып, бүкіл әлемге танылды. Төрт тарапты түгел мойындатып, өсіп-өркендеу жолына түсті. Тарихи жадымызда жатталған сол замандағы қиын кезеңдердің табы біздің бірлігімізді одан әрі бекемдеп, халық жанды да мәңгілікке сақталатын болады!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының
әкімі
Нүркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың
II жартыжылдығына арналған
«Ortalyq Qazaqstan»
облыстық газетіне жазылу
науқаны жалғасуда. Газетке
жазылуды «Қазпошта» АҚ
пошта байланысының барлық
бөлімшелерінде, сондай-ақ,
редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5848,50 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3100,50 тг
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3111,00 тг

Қарағанды қ., Ермаков к., 33
8 қабат, 88 қаб.

Анықтама телефондары:
Усман – 8-775-482-22-02
Ботагез – 8-778-846-00-01
Нұрсұл – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• АҚТАҢДАҚ ПЕН АҚИҚАТ

Этикалық цензура қалыптасса...

Еркін МҮСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ертең – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Сөз жоқ, қастерлі күн. Бірақ, біздің қоғам тарихымыздың ақтаңдақ жылдарының құрбандарын сәт сайын еске алып, рухына тағзым етуден еш жаңылған емес. Ендеше, неге біз 31 мамырды ғана «Еске алу күні» деп айдарлап, нәубет пен қуғын-сүргін құрбандарын осы күні ғана еске алатындай даурығамыз?

Негізі, бұл күнді «Ұлттық аза тұту күні» деп атау керектігі туралы қоғамдық пікір әлдеқашан бой көтерген. Өкінішке қарай, шешімталдық таныта алмай жүрміз.

Жасыратыны жоқ, осы атаулы күн ресми түрде белгіленген уақыттан (1997 ж.) бері біз тек «еске алумен» келеміз. Есімізде не қалды сонда? Арыстар мен аштық құрбандары көмілген жерге көрме ұйымдастырдық. Қалам ұстаған әрпітестеріміз кеңестік жүйе кеменгерлері кеңесе отырып, келтелте берген қаралы статистиканы қайталап, бірдеңе жазған болады. Осы тақырыпты қаулап жүрген тарихшыларымыз сол күні эфирге шығып, бір жасап қалады. Спасскіге барып, гүл шоқтарын қоямыз. Осымен бұл күннің де баяны тәмам.

Шүкір етейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласындағы Алаш арыстарының тағдыры, ашаршылық құрбандары және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты жаңа көзқарас, парасатты пайымдары мұлттың кеткен қоғамға серпіліс әкелді. Президент Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, құрамына белгілі тарихшылар мен сарапшылар енген комиссияның екі жылғы көз майының нәтижесінде жинақталған материалдар көптомдық болып жалғанның жарығына шықты. Сең қозғалды, яғни.

Жалпы, осы тақырыпқа ой жүгірте қалсаң, ойма белгілі ақын Бекжан Әшірбаевтың: «Біздің тарих моншаға түсіп жатыр, Арқасын ақиқатқа ысқылатып», – деген жыр жолдары оралады. Әлгі біздің тарихты арқасын ысқылап жатқан ақиқатымыз осы өлеңнің өзегінде тұр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының ақиқатқа жақтасқан азаматтық ұстанымы сол кәрі тарихымыздың моншадан шығатын мезгілі жеткенін аңдатты. Әбден тазарған, барынша «буланған» біздің тарих жақын уақытта мұңтаздай болып төрімізге жайғасып қал-

«Тарихымыздың ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек».

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан



лар. Бүгінгі Тәуелсіздіктің тамырында да, кешегі Алаш көсемдерінің арманында да тарихи тәуекел жатыр. Сонау бір жылы бір тарихшы көкем айтты еді. «Алаш идеясы, Алаш көсемдері тарихтың жергелесінен енді шықпайды» деп. Қоғамда қызу пікірталас туған. Көбіміз қарсы дау айтқанбыз: «Мезгілі жетеді. Экономиканы еңселендіріп, саясатты салмақтап алған соң, бұған бет бұрады ресми билік» деп. Бетбұрыс бар. Әліптін артын бағып отырмыз.

Ашаршылық. Біздің буын бұл нәубетті табиғи апат деп танып келді. Тарихшыларымыздың өзі осы бір зұлматты жылдардың лайықты бағасын беріп, құрбандарын санай алмай келген. Бір жазбама: «XX ғасыр – қып-қызыл қиянаттың ғасыры. Алдындағы жаугершілік аласапыранның қоспағанның өзінде, бір ғана 1926-1959 жылдары қазақ халқының саны 27,1%-ға кеміген. Дала қазағының үштен бірі. Барлығы – қиянаттың құрбаны. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық 3 миллионнан астам адамды жалма-маса, 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессия 25 мыңнан астам асылымыздың

тағдырын оққа байлады. Мұның барлығы – Кеңес заманы тарихшыларының кеңесіп, келтелеген статистикасы. Тәуелсіздік алғалы өз тарихшыларымыз да осы статистиканы шырлап, шынайы дерек, тың көзқарастан көз жазып қалып жүргені жасырын емес. Голощекиннің «Кіші Қазан» төңкерісі қазанымызды төңкеріп, қазақ даласындағы мал санын 40,5 миллионнан 4,5 миллионға кеміткенін (10 есеге) қалай ұмытармыз? Ендеше, XX ғасыр – қазақтың барын алып, бағын ұрлаған қанқұйлы ғасыр», – деп жазғанымыз бар-ды. «Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады» делі Президентіміздің өзі. Ендеше, ұлт тарихының академиялық үлгідегі жаңа жинағын әзірлеуді міндеттеген Мемлекет басшысының тың мақсаты кешегі Желтоқсан ақиқатын да, Семей полигонының зардабын да, Тәуелсіздік шежіресін де тамырландырады. Бұл – әзірге үміт сәулесі. Үмітіміз ақталса екен!

Осы орайда қатты ескеретін бір жағдай бар. Ол – этикалық цензура. Бізде ақиқатын айтамыз деп, ұлы тұлғалар рухын «байытса

қосым» жіберетін үрдіс қалыптасқан. «Ана-ның түбіне мынау жетіпті», «Пәленшеевтің атылуына Түгеншеевтің жазған арызы себеп болыпты» деген сияқты. Қолыңызға түскен әлдебір құжатты жариялап жіберіп, ел ішінде қып-қызыл дау тудырудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Ана бір жылы Омбының архивінде болып келген бір ұстасым мен туған ауылдағы елге сыйлы екі қария туралы құжатты көлегейлеп көрсетіп, сырын сыбырлап айтқан еді. Бұл екі ақсақалды көзім көрді. Елге қадірлі, дуалы ауыз қариялар еді, иманды болғырлар. Ұстасымның қолындағы құжат – осы екі кісінің өз бауырларының 1937 жылы ұсталып кетуіне себеп болған арызының көшірмесі. Жағамды ұстадым, жағамды ашпадым. Ұстасым да: «Ұрпақтары бар ғой, әкенің пенделілігі үшін олар қорланба-сын. Тісіңнен шығарма» деген. Бұл өңгіме сол күйі құпия болып қалды. Ақтаңдақ жылдар ақиқатын саулау, сараптау барысында осындай бір этикалық цензура қалыптасса екен деймін...

Тек қана кеңестік жүйенің масыл идеологиясының мұрагері болудан арылсақ екен!


• ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Аймақтық комиссия: құрбандарды ақтау және деректер

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының қиындықтарына қарамастан, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңды қабылдады. Кейіннен 1997 жылғы «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялады. Соған орай 1997 жылғы 5 сәуірде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» белгіленіп, ол жыл сайын 31 мамырда атап өтілетін болды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі сонау 90-жылдарда басталған жұмыстың жаңа кезеңі 2020 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен арнайы «саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия» құрылуымен байланысты.

Сол Жарлық негізінде репрессия құрбандары мен тарих қойнауындағы бей-мәлім құпияларды зерттейтін мемлекеттік комиссияның аймақтық тобы құрылды. Олардың алдына қойған мақсат-міндеттері анықталып, атқаратын қызметтері көса белгіленді. Соның бірі – қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі Қарағанды облыстық аймақтық комиссиясы.

Комиссия мүшелері XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы мәліметтерді жинақтау және нақтылау үшін Қарағанды облысының мемлекеттік мұрағаты мен облыстың прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу орталығының (ЦПСИИ) мұрағаттық құжаттары мен материалдарын жинақта-



ды. Сонымен қатар, әлеуметтік сауалнама жүргізді. Жұмыс тобы үш бағытта жұмыс істеді. Бірінші, бұл облыс мұрағатында сақтаулы тұрған құжаттармен, қорлармен жұмыс. Екінші, саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы ақпарат жинау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізу. Үшінші бағыт – дала жұмыстары, тарихи орындарды, жерлеу орындарын, қоныстану орындарын, яғни, тарихи маңызы бар нысандары, тоталитарлық режимнің сұмдық оқиғалары анықталды. Сол жұмыстың барысында саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша 60 мыңнан астам қадағалау өндірісі арнайы сақтау орындарында сақталғаны анықталды.

Айта кетейік, Президенттің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығына дейін азаматтарды ақтау қуғын-сүргінге ұшырағандардың өздерінің немесе туыстарының бастамасымен жүзеге асырылды. Тұңғыш рет Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев құрбандардың барлық санатын толық құқықтық және саяси оңалту міндетін қойды.

Қазір саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары жалғасуда, ғалымдардың бұрын жабылған мұрағаттарға қол жеткізуі қамтамасыз етілді, саяси қуғын-сүргін мәселелерін жан-жақты және кеңінен зерттеу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

► 4-бет



Жазғы демалыс: қауіпсіздікті күшейту қажет



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысындағы 172 мың оқушы 1 маусымнан бастап, жазғы демалысқа шығады. Облыс әкімдігінде өткен аппарат кеңесінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жазғы демалыс кезінде кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қауіпсіздікті күшейтуді тапсырды.



Сурет интернеттен алынды

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Балалар жазда таза ауада көп уақыт өткізеді. Оларға барынша қауіпсіз жағдай жасау қажет. Жолдағы, су айдынындағы қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударған жөн. Мүмкіндігінше балалардың көпшілігін мәдени-бұқаралық іс-шараларға тарту, оларды үйірмелер мен секцияларға жұмылдыру, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі туралы ата-аналармен өңгіме жүргізу керек, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Жазғы демалысқа шығатын 172 мың оқушының 17 мыңнан астамы 11-сынып бітіреді. 150 мыңға жуық кәмелетке толмаған оқушы лагерлерге барып, жұмыспен қамтылады. Оның ішінде 7 мыңнан астамы қала сыртындағы сауықтыру лагерлеріне жіберіледі. Ауыл мектептерінің 500 оқушысы «Қазақстан халқына» қорының қаражаты есебінен жазғы лагерлерде демалады.

Сондай-ақ, өңірде 5 маусымнан бастап мектеп жанындағы лагерлер жұмысын бастайды. Облыста алғаш рет олар ерекше білім беру қажеттіліктері бар 360 балаға арналған арнайы мектеп-интернаттар базасында жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар, маусым айында өңірде «Қауіпсіз жаз», «Қауіпсіз аттракцион», «Қауіпсіз лагер», «Қауіпсіз алаң» ауқымды профилактикалық акциялары өтеді.

Аппарат кеңесінде Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов биылғы түлектердің 40%-дан астамы қарағандылық екенін атап өтті. Осы жылы Қарағандыда 3 мыңнан аса оқушы 11-сынып бітірсе, 6 536 оқушы 9-сыныпты аяқтайды. Сонымен қоса, қала әкімі 1 маусым – Балаларды қорғау күні, яғни жаздың бірінші күні қалалық төрт алаңда аталатынын айтты.

Мейрам Қожуховтың айтуынша, 1 маусымда күзет іс-шараларына ішкі істер бөлімінің 158 қызметкері жұмылдырылады. Қарағанды бойынша әрбір оқу орнына қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету үшін екі полиция қызметкері бекітіледі.

– Балаларды қорғау күні мерекесіне арналған негізгі қалалық іс-шаралар төрт алаңда өтеді. Олар – Қарағандыдағы орта-

лық саябақ, Майқұдық саябағы, теміржолшылардың мәдениет сарайы және Жастар мәдениет үйі. Сондай-ақ, барлық мерекелік іс-шаралар аяқталғанға дейін саябақтарда тәртіп сақшылары, ТЖБ және жедел жәрдем қызметі кезекшілік етеді, – деді қала басшысы.

Сонымен қоса, Теміртау қаласының әкімі Ораз Тәуірбеков аппарат кеңесінде металлургия қаласының балалары мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерлерде жазғы демалысын өткізіп, «Жасыл ел» қоғаландыру жасақтарына және басқа да пайдалы жобаларға қатысатынын атап өтті.

– Мектептерде мектеп жанындағы лагерлер екі ауысыммен жұмыс істейді, онда 3 400 баланы қамтимыз. Жазғы демалыс кезінде 4 580 бала қосымша білім беру ұйымдарына, үйірмелерге қатысады. 450 бала «Жасыл ел» ұйымына қатысып, жұмыспен қамтылады, – деді Ораз Қайсаұлы.

Теміртау қаласы әкімінің айтуынша, былтырдан бастап Теміртауда «Aulafit» республикалық әлеуметтік жобасы қарқынды іске асырылуда. Бұл жоба тұрғындардың үй ауласында спорттық-сауықтыру жаттығумен айналысуын көздейді және әр адам үшін үйден жаяу қашықтықта спортпен шұғылдануға тегін мүмкіндік беруді мақсат етеді. Мұнда, спорттық инфрақұрылым бойынша аулаларда спорттың әр түрімен айналысуға мүмкіндік болады.

– Бұдан басқа, бізде аула клубтарының желісі ашылды. Мұнда аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар жұмыспен қамтылып, қауіпсіздігін бақылау қамтамасыз етіледі. Ата-анасы жоқ және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға келетін болсақ, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ демеушілік қолдауымен және қалалық мәслихат депутаттарының көмегімен 150 бала қала сыртындағы лагерлерде демалады. Биыл мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты бірнеше есеге арттырып, 15 мыңға жуық баланың еріктілік қызметке, түрлі фестивальдар мен көшпелі лагерлерге қатысуын қамтуды жоспарлап отырмыз, – деді Теміртау әкімі.

• АКЦИЯ

«Халық заңгері» тегін кеңес берді

Сенбіде Қазақстанның барлық ірі қалаларында, оның ішінде Қарағандыда бір мезгілде «Халық заңгері» кең ауқымды республикалық акциясы өтті. Облыс орталығындағы «Таир» сауда-ойын-сауық орталығында өңірдің үздік заңгерлері мен адвокаттар, мемлекеттік орган басшылары мыңнан аса адамға заң, құқық төңірегінде туындаған сұрақтарына және шешілмеген даулар бойынша тегін кеңес беріп, көмек көрсетті. Ұйымдастырушылар – Zakon.kz желілік басылымы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және Параграф ақпараттық жүйесі.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің превенция басқармасы басшысының орынбасары Арслан Мыңғышев аталған акция барысында шешімін табуы тиіс мәселелердің ауқымын кеңейту үшін кеңес беруге заңгерлер мен адвокаттар ғана мемлекеттік орган өкілдері де шақырылғанын айтады. Себебі, 2016 жылдан ұйымдастырылатын «Халық заңгері» акциясында кеңес аламын деушілерді толғандыратын мәселе тек заң тұрғысынан ғана емес, барлық саланы қамтиды.

Көп жағдайда азаматтар өздері тап болған мәселелерге қатысты қайда жүгіну керектігін де білмей жатады. Келушілер қалай жұмысқа тұрамын, банкеті қарызды қалай жабамын дегендер, болмаса, мүгедектігін алу үшін қандай құжат жинау керектігін сұрап келгендер де бар. Жүзден астам кеңесші қатысқан шарада тұрғындар мемлекеттік органға жүгініп, арызын жазып, заң шеңберінде тиісті жауабын алады. Сұрақтар да – әр түрлі. Егер жылдам шешілетін мәселе болса, келушілер кеңестерін алады. Ал, қарастыруды қажет ететін мәселе болса, департамент басшыларымен телефон алмасып, болмаса, жеке қабылдауларына жазылады, – дейді Арслан Қабылтайұлы.

Акцияға қатысқан кеңесшілер әр келушінің мәселесіне бейжай қарамайтынын



да айтады басқарма басшысының орынбасары. Яғни, бұл жерде тек кеңес алып қана қоймай, арызын да тіркей алады. Бұл, әсіресе құқық саласына қатысты. Облыстық полиция департаментінің заң бөлімінің басшысы Медет Тойбековтің айтуынша, «Халық заңгеріне», атап айтқанда, құқық қорғау саласы органы өкілдеріне жүгінгендердің дені – алаяқтарға, оның ішінде интернет алаяқтарға ұрынып, сан соғып қалғандар. Олар бұған дейін осы мәселемен қайда жүгіну керектігін білмесе, дәл осы акцияда өздерінің арыздарын тіркеу мүмкіндігін алды.

қарай жұмыс жасаймыз. Осы жерде алған ақпаратты полиция департаментінде тіркеп, санаттарға бөлеміз. Қылмыс құрамы болса, оны тіркеп, құзырлы мекемелерге береміз, – дейді Медет Алтынбекұлы.

Шара 2016 жылдан өткізіліп келеді. Жалпы, осы уақыт аралығында республика бойынша жүз мыңнан астам кеңесші бес мыңға жуық адамға кеңес бергенін айту керек.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Аңқасы кепкен ауылға су келеді

Қарқаралы ауданы аумағындағы қазыналы Қарағайлы кентін сумен қамтамасыз етуде ауқымды жұмыстар қолға алынды. «Қуатты өңірлер – ел экономикасының драйвері» бағдарламасы аясында су және кәріз жүйесінің құрылысы жүзеге асуда. 2022-2024 жылдарға жоспарланған құрылыс жұмыстары нәтижесінде тозығы жеткен құбырлар толығымен жаңартылады.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағайлыда аудан халқының басым бөлігін жұмыспен қамтып отырған «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің Қарағайлы кен-байыту фабрикасы орналасқан. Еліміздің индустриалды-инновациялық бағытының қарқын алуына, оның ішінде, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына ықпал етіп отырған кенттегі басты мәселенің бірі – сапалы ауыз су ташылығы. Түйікті мәселені шешуде кешенді жоспар жасалып, кент ішіндегі су құбырларын ауыстырумен қатар, кәріз жүйелерін қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Екі жылға жоспарланған кешенді жоба өз нәтижесін беруде.

– Қарағайлыда су жүйесінің құрылысына 2 432,1 млн. теңгеге «Қостанай-сельхозводопроводстрой» ЖШС-мен келісімшарт жасалды. 2022 жылы бірқа-



тар жұмыстар атқарылып, республикалық бюджет есебінен қарастырылған 700,0 млн. теңге толықтай игерілді. Биыл 586,43

млн теңге қаражат қаралды. Жанадан салынатын су құбыры жүйесінің ұзындығы – 68,6 шақырым. Бүгінде оның 32 шақырымына құбырлар орнатылды. Екі су сору станциялары, екі 100 кВт-тық трансфор-

матор алынды. Сонымен қатар, сыйымдылығы 300 текше метрді құрайтын екі резервуардың құрылысы жоспарланған,

Қуатты өңір



– судан зардап шегіп келе жатқан кент тұрғындары үшін жаңадан су жүйесінің құрылысын жүргізу – кейінгі жылдары жүзеге асып отырған толымды істердің бірі.

– Жалпы, кент тұрғындарын таза, сапалы ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету жұмыстары жүзеге асып жатыр. Біз қуаныштымыз. Су жүйесі құбырларына қашан күрделі жөндеу жүргізгені нақты есімде жоқ. Тек осыдан екі-үш жыл бұрын біраз жерлеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Жамау-жасқаудың көпке бармайтыны анық. Қысы-жазы су құбырлары жарылып, істен шығып жатады. Тәуліктен су болмайтын уақыттар мен су қысымының нашар болатын кездері бар. Енді осы жоба толығымен жүзеге асса, кент тұрғындары судан ешқандай тарлық көрмейді, – дейді кент тұрғыны Ардақ Құсайынов.

Экономикалық тұрғыда белсенді елді мекендердің қатарындағы Қарағайлыда кәріз жүйелері құрылысы да қарқын алууда. Жанадан кәріз жүйесі құрылысын салуға 1 693,4 млн. теңге қаражат бөлініп, «АП Импекс» ЖШС-мен келісімшарт жасалды. Кәріз жүйесінің ұзындығы – 40,7 шақырым. Тәулігіне 730 текше метр тазалайтын кәріз нысанының құрылысы жоспарланған.

Қарқаралы ауданы

– дейді аудандық құрылыс бөлімінің маманы Құмар Батырбеков. Бірнеше жылдан бері тіршілік көзі

Мемлекеттік қызмет мінсіз болуы тиіс

Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің көшпелі мәжілісі 24 мамырда Абай ауданының әкімдігінде өтіп, оны кеңес төрағасы Ербол Жолданғар жүргізді.

Көшпелі мәжілісте Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы бұзудың алдын алу, мемлекеттік қызметтер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің сақтауы туралы мәселелер қаралып, сол бойынша Балқаш қаласы мен Абай ауданының әкімдері С.Сатаев пен С.Оспановтың есебі тыңдалды.



Жыл қорытындысы бойынша 81 мемлекеттік қызметші бағаланып, олардың 57-сі өте жақсы,

17-сі тиімді, 7-сі қанағаттанарлық баға алған.

Қадағалау органдары жүргізген тексерістердің нәтижесінде 2022 жылы 22 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылып, олардың 21-іне ескерту, 1-уіне қызметтік сәйкестік туралы ескерту жарияланған.

Одан әрі Сапар Сатаев өткен жылы Балқаш қаласының әкімі аппараты мемлекеттік қызмет көрсетуді бұзғаны үшін кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартудың 5 фактісі, мемлекеттік арасында да 16 әкімшілік құқық бұзу, ал биылғы бірінші тоқсанда сондай 10 факті анықталғанын мәлімдеді.

Келесі кезекте Абай ауданының әкімі Сәбит Оспановтың осы мәселелер бойынша есебі тыңдалды.

Ол өз есебінде мемлекеттік қызметтің бос лауазымдарына биылғы 5 айда 30 конкурс жарияланып, сонда жеткен 24 адам жұмысқа қабылданып, 6 адамның қызметі жоғарылағанын айтты.

Ауданда өткен жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы 150 іс-шара өткізіліп, 15 576 мемлекеттік қызметкерге ұрынып, Ал, 2 ауылдық округтің әкімі (Дубовка ауылдық округінің әкімі Е.Қырауынов, Көксу ауылдық округінің әкімі А.Таранов) заң бұзуға жол бергені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жергілікті атқару органдарының 10 қызметкері мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп, тағы басқа жағдайларда кемшіліктерге ұрынып, оларға да сондай жаза қолданылған.

Соған қарап, Мемлекет бас-



шысының «...Бізге сапалық тұрғыдағы жаңа мемлекеттік басқарушылар керек» деген сөзі еріксіз еске түседі.

Мәжіліс соңында Абай ауданы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі төрағасы Дастан Тұрсынов мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру жөніндегі жұмыстары туралы есеп берді. Оның айтуына қарағанда, әдеп нормаларын бұзып, мемлекеттік қызметке кір келтіретін әрекеттер Абай ауданында кезікпеген.

Көшпелі мәжіліс барысында Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері Рабиға Мұстафина, Гүлнар Құрбанбаева, облыстық Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Мұрат Төлеубаев баяндамашыларға сұрақтар қойып, өз ескерпелерін айтып, олардың есептері бойынша шешім қабылданды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші кезекте сөз алған Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев (онлайн форматта) өз есебінде қалада жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын 13 мемлекеттік мекеме (оның ішінде екі кент әкімінің аппараты мен 11 мемлекеттік мекеме) штат санындағы 85 адамның орнына 78 адам жұмыс істеп, 7 орын бос екенін айтты. Өткен жылы осындай 16 бос лауазымға, ал биылғы 4 айда 6 бос орынға конкурс жарияланып, оның жеңімпаздары сол орындарға орналасқан. Түрлі себептермен 20 адам (таза ауысымдық – 0,02 пайыз) жұмыстан босатылған.

Былтыр 25 қызметші оқытылса, соның 19-ы біліктілігін арттырып, 6-уы қайта даярлықтан өткен. Ал, ағымдағы жылы жоспарланған 35 адамның 16-сы оқып үлгерген.

Өткен жылы мемлекеттік қызметшілер арасында қызметтік әдеп нормаларын бұзуды болдырмау мақсатында офлайн және онлайн форматтарында өткізілген семинарлар 108 адамды қамтыған.



• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Өрт қауіпсіздігі – өз қауіпсіздігің

Құрғақ және ыстық күндері өрт қаупі артады. Әсіресе, дала өрті өшіру қиын. Өрттің алдын алу мақсатында Өңірлік коммуникациялар қызметінде баспасөз мәслихаты өтті.

Оған облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Абзал Балтабаев, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бақтияр Санбаев, облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Нұрлан Бекбосынов қатысып, орман және дала өртінің алдын алуда атқарылып жатқан жұмыстарды тізбектеп берді.

салып, қойылатын талаптарға баса назар аудару керектігін айтып өтті. Егер қауіпсіздік ережелерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 367-бабы, атап айтқанда ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптары мен қағидаларды бұзу және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 292-бабы – өрт

қаражат бөлінген. Өрт сөндіру станциялары арнайы көліктер, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар, орман шаруашылықтарының аумақтарында орман өрттеріне жедел әрекет ету үшін бес өрт сөндіру станциясы – Ақтоғай, Шет, Молодежный, Белағаш, Қу орман шаруашылығына салынатын болады. Оған 354 млн.

салды, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бақтияр Санбаев.

Табиғи өрттерге әрекет ету үшін төтенше жағдайлар департаментінде Штәб және 62 мобилділік топ құрылған. Қауіпті кезең басталғаннан бері осы мобилді топ халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Рейдтік іс-шаралар кезінде саяжай учаскелерінің аумағында құрғақ шөптер мен коқыстарды жағу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзудың 21 фактісі анықталып, 707 мың 250 тенге көлемінде айыппұл салынған.

– Бүгінде облыс аумағында екі орман өрті тіркелді. Сонымен қатар, Ақтоғай, Нұра және Шет, Қарқаралы, Абай және Бұқар жырау аудандарында жалпы ауданы 201 гектар болатын дала өртінің 10 жағдайы тіркелді. Барлық қалалары мен аудан орталықтарында, елді мекендер мен ірі өнеркәсіптік объектілерде өрт сөндіру бөлімшелері орналастырылады. Облыс бойынша барлығы 30 өрт сөндіру бөлімі орналасқан. Өрт сөндіру қызметінің қарауында 329 техника бар. Халық саны 50 мыңнан асатын 87 елді мекенге арналған 45 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді. Биыл Ақтоғай, Қарқаралы, Шет аудандарының аумағында тағы 4 бекет құру жоспарлануда, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Нұрлан Бекбосынов.

Брифинг барысында облыс аймағында орман және дала өртінің болдырмау, алдын алуда атқарылып жатқан шаралар айтылды. Өрі арнайы ереже-талапты бұзғандар заң аясында жауапқа тартылатындығы да ескерілді.

• ҚҰҚЫҚ

«Тәртіпке бағынған құл болмайды»

Облыстың бас полицияі Санжар Әділов Балқаш қаласында орналасқан «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығына барды. Сондай-ақ, қалалық полиция бөлімінің жеке құрамымен кездесу өткізді.

– Өскеген ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты қалыптастыру – біздің басты міндетіміз. Өр бала – елдің болашағы. Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Қылмыстық атқару жүйесі департаменті басшылығымен



бірлесіп, түзеу мекемесіндегі азаматтар әзірлеген ойыншықтарды сыйға тартамыз, – деді полиция генерал-майоры Санжар Әділов.

Осыдан кейін ведомство бастығы қалалық полиция бөлімінің жеке құрамымен кездесті. Кездесу барысында Санжар Әділов тәртіп сақшыларына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі Марат Ахметжановтың сәлемі мен талабын жеткізді. Одан бөлек, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау бойынша қолға алынған тұжырымдама мәнін жеткізді.

– Министрлік қоғаммен бірлесіп қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасын әзірлеуде көп жұмыс атқаруда. Негізгі талап – қылмыстық жағдайды тұрақтандыруға ықпал ететін жұмысты дұрыс ұйымдастыру. Өзгерістер облыстық аппаратта, сондай-ақ, қалалық және аудандық бөлімшелерде болады. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері қоғамдағы өзекті проблемаға айналды. Егер отбасында тәртіп болса, онда жақсы тәрбие болса, оны бойына сіңіріп өскен бала да құқықбұзушылыққа жол бермейді, – деп атап өтті Санжар Әділов.

Кездесуден кейін полиция генерал-майоры учаскелік полиция пунктін және желілік полиция бөлімшесінің материалдық-техникалық жағдайларын тексеріп, оны жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тіліз келіп, тұтқиылдан тап беретін өртті алдын ала болжап білу мүмкін емес. Адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға және материалдық құндылықтарға орны толмас зиян келтіретіні барлығымызға айдан анық. Әсіресе, дала және орман өртінің қаупі жоғары. Алдын алуда да қиындықтар кездеседі. Жалпы, аймақтағы мемлекеттік орман қоры 536 мың 93 гектарды құрайды. Былтыр өрттің басым бөлігі орман шаруашылық мекемелерінде болған. Сондай-ақ, Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы өрт салдары қоршаған ортаға зиянын тигізді. Өртенген және түбірімен зақымданған ормандар 12,363,3 текше метр, келген шығын 90 млн. 417 мың 660 теңгені құрады. Өртті сөндіруге кеткен шығын 6 млн. 183 мың 810 теңге. Орман өртінің шығу себептері жайлы 57 жағдай тіркелген. Оның ішінде басым көпшілігі найзағайдан және дала өртінен, тек 13%-ы белгісіз себептерден



шыққан. Осындай ақпараттарды тілге тиек еткен облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Абзал Балтабаев мемлекеттік орман қоры аумағында болған тұлғалардың жауапкершілігін еске

қауіпсіздігі талаптарын бұзу бойынша жауапқа тартылады.

– Аймақтағы орман қорында өрттердің алдын алу бойынша жоспар жасалып, жүзеге асуда. Жалпы осы жұмыстарға облыстық бюджеттен 1 млрд. теңгеге жуық

теңге көлемінде қаражат қарастырылды. Орман өртінің алдын алуда минералдандырылған жолақтар салынууда. Оның жалпы ұзындығы 4292,2 шақырымды құрайды. Бүгінгі күнге 342 шақырымына жайластыру және күту жұмыстары жа-

• КЕЗДЕСУ

Қала әкімі қариялармен кездесті

Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев ардагерлермен кездесіп, қызмет атқара бастаған уақыттан бергі жұмыстарына тоқталды. Халықтың мақсат-мүддесінің дұрыстығына ризашылығын білдірді.

кідердің бар екенін айтты.

Ардагерлердің сұрағы бойынша қала басшысы шағын шаһарда қолға алынған жұмыстар мен алдағы

жоспарларына тоқталды. Басты мақсат – тұрғындардың табысын жақсарту, мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалану, ол туралы тұрғын-

дар арасында жан-жақты түсіндіру шараларын жүргізу, инвестиция тарту, ауыл әкімдерінің жұмысын күшейту, жаңа жұмыс орындарын құру, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру екенін айтты. Сондай-ақ, кездесу барысында металлургия саласының ардагерлері Қамза Тынышбаев әкімге бағасын беріп, кітабын сыйға тартты.

– Балқаш – мысшылар шаһары. Мұнда Ұлы Отан соғысы жылдарында тек жеңісті жақындатқан жандар ғана емес, металлургиялық алыптарды тұрғызған адамдар өмір сүрді, өсіп-өнді. Осы адамдардың арқасында біздің қаламыз дамыды, кеңейді. Бұл туралы кітабымда тарқатып жаздым. Бүгінгі таңда олардың балалары мен немерелері әкелер мен аталар жолын жалғастыруда, – деді Қамза Тынышбаев.

Кездесу соңында қала басшысы Сапар Қайырқенұлы сұрақтарға жауап беріп, қарияларды қолдау шаралары жалғасатынын, жиында көтерілген барлық ұсыныс ескеріліп, мәселе назарға алынып, нақты жұмыс атқарылатынын атап өтті.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қаладағы қоғамдық шаралар мен бастамаларға аға буын өкілдері белсенді түрде атсалысып келеді. Бүгін сіздердің ақыл-кеңестеріңізге құлақ асып, пікірлеріңізді тыңдау үшін арнайы кездесу ұйымдастырып отырмын, – деген қала басшысы қариялардың елімізді дамыту жолындағы игі істерден шет қалмайтынын атап өтті.



• МИНЕ, ҚЫЗЫҚ!

Қабырғада сұңқар қалықтады

Кейінгі кездері қаладағы үйлердің қабырғасына мурал салу сөнге айналды. Бұл жолы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің биология-география факультеті ғимаратының қабырғасына қалықтаған құстардың муралы салынды.

да жыл сайын оқу бітіріп, биікке самғайтын студенттерімізге деген құрметтің де мәні жатыр» дейді салушылар.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Таң бозында биікке қанат қаққан құстардың суреті тегіннен тегін таңдалмапты. Ғимараттың пайдалануға берілгеніне отыз жылға жуық уақыт өтті. Сонау алғашқы кезеңде шатыр астына қос сұңқар ұя салған көрінеді.

— Содан бері сұңқар құс жыл сайын сәуір айында балапандарын шығару үшін осында ұшып келеді. Қыркүйекте ұшып кетеді. Екі-үш балапан қанаттандырады. Тіпті, төртеу болған кездері бар. Біздің биолог студенттеріміз жыл сайын бақылап отырады, — дейді биология-география факультетінің деканы Серікболат Талжанов.

Және бір айта кетері, «Мурал-



Муралды өрнектеп салудың негізгі идеясы әлбетте осы факультетінің оқытушылары мен студенттеріне тиесілі. Эскизді университеттің жобалау кеңсесінің бас маманы Ардақ Мұқанова әзірлеген. Жас талантты Parsons School of Design университетінің MFA Design & Technology мамандығы бойынша бітіргенін, халықаралық дәрежедегі дизайнер екенін атап өтсек әбестік, әрине.

Ғимараттың сәнін ашқан арт-нысанды сәтті жүзеге асыра алған — Қарағанды қаласының урбанистика орталығы мен Айдар Мұнайтіпсовтың командасы.

• ҚЫЛМЫС

Пара беру де, алу да — ҚЫЛМЫС

Жыл басынан облыста жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен жалтару мақсатында көлік құралдарының жүргізушілері тарапынан патрульдік полиция қызметкерлеріне пара берудің 53 фактісі тіркелген деп хабарлайды Polisia.kz. Оның ішінде сегіз факт бойынша ҚР ҚК-нің 367-бабы — «Пара беру» бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.



Бүгінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижелері бойынша бес қылмыстық іс сотқа жолданды, үш қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде. Сот үкімімен бес жүргізуші ҚР ҚК 367-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды және оларға айыппұл салынды, — дейді облыстық полиция департаментінің өзіндік қауіпсіздік басқармасының бастығы Дархан Әбдіқамалов.

Жалпы, жыл басынан Ішкі істер органдарының қызметкерлерін тексеретін Integrity check пилоттық жобасы іске қосылғанын айту керек. Қазіргі уақытта патрульдік полицияның әр қызметкері, учаскелік полиция инспекторы, сондай-ақ, олардың қызметтік автокөлігі мен үй-жайлары ақпаратты автоматты режимде жедел басқару орталықтарына жіберетін заманауи құрылғылармен жабдықталған.

«Лауазымды адамға пара беру — қылмыс. Ол үшін он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі ең жоғары жаза көзделген», — деп хабарлайды Дархан Әбдіқамалов.

Диляра ӘБШЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
журналистика кафедрасының
II курс студенті

• АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Лазареттегі бір күн

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігіне қарасты Қарағанды қалалық әскери лазареті республикалық мемлекеттік мекемесінде «Ашық есік күні» өтті. Ашық есік күніне №10 жалпы білім беретін мектептің 7-б сыныбының оқушылары қатысты.

Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқушыларды әскери қызметтегілер күнделікті қызмет бабымен таныстырып, экскурсия жүргізді. Қарағанды гарнизонының әскери лазареті міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде қызмет көрсетеді. Мекеме «Даму» порталына да енген. Аталмыш стационарда әскери сала мамандары тұрақты түрде емделеді. Мекеме дәрігерлері мен

медбикелері — облыстық клиникалық аурухана базасында, Денсаулық сақтау басқармасында және өңірлік ақпараттық-талдау орталығында оқытудан және мамандандырудан өткен білікті қызметкерлер. Лазарет қажетті заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталған.

— Жас патриоттарға әрқашан алға қойған мақсатқа қол жеткізуді, оқуда және спортта жеңіске жетуді, салауатты өмір салтын ұстануды,



патриот және өз елінің бетке ұстар азаматы болуды тілеймін», — деп тілектестік білдірді Психологиялық көмек кабинетінің басшысы, капитан Ирина Гинда.

Өз кезегінде оқушылар әскери қызметкерлерге ақжарма алғыстарын жеткізіп, өз жадынан шығарған өлеңдері мен әндерін орындап қуантты.

• ВЕТЕРИНАРИЯ

Бұралқы иттерге екпе егілуде

Облыста иесіз иттерді және мысықтарды аулап, вакцинациялауға, зарарсыздандыруға және чиптеу басталды. Аталған процедуралар қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын ретке келтіруге мүмкіндік береді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда Қарағанды, Саран және Шахтинск қалаларында үйсіз жануарларды аулау, вакцинациялау, зарарсыздандыру және чиптеу процедуралары басталды. Арнайы мамандар көшеде көлденең жолыққан қарғыбаусыз итті аулап, екпе салуға толық құқылы. Олардың айтуынша, қарғысыз иттер иесіз болып саналады.

— Қарағанды, Саран, Шахтинск қалаларында қаңғыбас жануарларды аулау, вакцинациялау, зарарсыздандыру және чиптеу жұмыстары жүріп жатыр. Негізгі қызмет көрсетуші — Қарағанды ветеринариялық станциясы. Бұл жұмыс зоологиялық қорғаушылармен бірге ұйымдастырылған. Қарағандыда зарарсыздандыру-



дың барлық кезеңінен әзірге 14 ит өтті. Олар қайтадан өз мекеніне жіберілді, — деді ветеринария басқармасының басшысы Қайырбек Тұрсынбеков.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жүргізіліп жатқан жұмыстардың қажеттілігін атап өтіп,

сында жұқпалы аурулардың таралуын азайтуға, сондай-ақ, қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын азайтуға көмектеседі, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысы жануарларға жауапкершілікпен қарау керектігін де ескертті.

• ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

«Жас сарбаз» айлығы

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің әскери кафедрасында оқу-жаттығу жиындарының басталуына арналған салтанатты шара ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі әскери қызметтің беделін арттыру.

Осы мақсатта, отанды қорғаудың конституциялық міндетін орындау үшін жоғары оқу орындарында жастардың әскери даярлығын ұйымдастырудың маңызы зор. Запастағы офицерлерді да-

алу жөніндегі 2023 жылға арналған бірінші ай іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында, Қарағанды гарнизонында «Жас сарбаз» айлығын басталды. Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери поли-

күрамы қатысты. Мұндай айлық жұмыстың өткені дұрыс, халыққа қызмет ететін азаматтардың адалдығы және әділдігі, жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы — әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, әскери қызметкер қоғамдық орында өзін дұрыс ұстап, киім кию ережесін мұқият сақтауы керек. «Өмірді сақта» ведомстволық бағдарламасына сәйкес, студент-



ярлау ісіне Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің әскери кафедрасы да өз үлесін қосуда. Әскери кафедраның негізгі міндеттерінің бірі — еліміздің Қарулы Күштері үшін отан қорғаушыларды — адамгершілігі жоғары және білікті техникалық запастағы офицерлерді дайындау. Әскери кафедра мұндай дайындық тұрақты түрде жүргізіледі. Оқу-жаттығу жиынының бірінші күні «Өмірді сақта» ведомстволық бағдарламаларын іске асыру және әскерлердегі құқық бұзушылықтардың

қия басқармасы қызметкерлерінің қатысуымен студенттерге әскери қызметшілердің қоғамдық орындарда киім кию ережелері мен өзін-өзі ұстауы, сондай-ақ, әскери қызметшілердің әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікке тартылатыны туралы да ақпарат берілді. Сонымен қатар, студенттерге 2023 жылғы оқу-жаттығу жиындарын өткізу тәртібі туралы бұйрық таныстырылды. Оқу-жаттығу жиындарына арналған салтанатты шараға әскерлердегі құқық бұзушылықтардың

терге, құқық бұзушылықтың алдын алу, жарақаттануды азайту, одан өзге әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайы, әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау жайын талқылады, — деп атап өтті Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасы бөлімінің бастығы Жарқынбек Молдаханов.

Ерасыл МЕЙРАМҚҰЛ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
II курс студенті

Қарағанды облысы: ауа райы						
	30 мамыр		31 мамыр		1 маусым	
Қарағанды қаласы	+28	+13	+27	+13	+28	+15
Абай ауданы	+27	+12	+28	+13	+26	+16
Ақтоғай ауданы	+24	+10	+23	+8	+23	+7
Бұқар жырау ауданы	+24	+13	+24	+15	+23	+10
Қарқаралы ауданы	+23	+10	+22	+12	+24	+9
Нұра ауданы	+23	+11	+24	+10	+23	+10
Осакаров ауданы	+22	+13	+22	+10	+21	+9
Шет ауданы	+23	+11	+23	+12	+22	+11

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

• «QARAGANDY HALF MARATHON»

Халықаралық марафон – Қарағандыда

Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен «Қарағанды-Арена» мұз сарайы алаңында халықаралық жартылай марафоны өтті. Дүбірлі дода көмесіне әр елден өңшең желаяқтар жиналды. Сондай-ақ, республика көлемі мен қарағандылық қатысушылардың өздері қалыс қалмады. Тіпті, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін қатысты десек артық емес. Әр жас санаты өзіне тиімді қашықтықты жүгіріп өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«QARAGANDY Half MARATHON» – марафонының биылғы қашықтығы рекордтық көрсеткішке жетіп, 21 шақырым болды. Бұл қашықтықта 60-қа жуық марафоншы тіркеліп, 21 шақырым, 97,5 метрді бағындырды.

Сайстың ең ұзақ әрі күрделі кезеңінде жеңіске жеткен Шығыс Қазақстан облысынан келген Әмір Байтұқанов пен қостанайлық Татьяна Нерознак болды. ІІ орынды ақтөбелік Ислам Аманкөс және Алматы қаласының желаяғы Ольга Сердюкова алды. Ал, үздік үштікке шыққандар – украиналық спортшы Екатерина Васильченко мен алматылық Нұркелді Аман.

– Жарыс өз деңгейінде өтті. Маған осындағы жайдары көңіл күй ұнады. Таңғы салқын самал, жүгіруге деген қызығушылықты одан әрі жандандырып қанат бітіргендей болды. Кез келген спортшының басында бар шығар осындай сезім. Аяқтарым өзіме бағынбай алып-ұшып тұрғандай күй. Көмбеден төреші ысқырығы берілісімен у ете қалдык. Мінекей, нәтижесі, – дейді сайыс жеңімпазы Әмір Байтұқанов.

Расында, сайысқа қатысқан 3256 марафоншының барлығы дерлік шат-шадыман күйде. Қашықтықты нәтижелі жүгіріп өткендер өздерін жақсы сезінгендігін жеткізді. Оларды сол жерге арнайы келген «жедел жәрдем» мамандары тексеруден өткізді.

– Көп қатысушы ұзақ қашықтықты жүгіріп өткен соң өздерін жайсыз сезінеді. Жүректің қатты соғуы, адамның басын айналдырып, буындарын әлсіретеді. Кейде аяқ-қол тартылуы да мүмкін. Осындай кезде біз әрқашан оларға алғашқы көмек көрсетеміз, – дейді қалалық жедел жәрдем

фельдшері Бағдат Төрқұлов. Ал, 10 шақырымдық қашықтықта аяғына шаң шалдырмай мәрден өткен қос қарағандылық болды. Олар – Павел Овчинников пен Кристина Сергеева. Ал, Көкшетау қаласынан келген Нұртуған Сазанбай мен

Малика Рахымбаева ІІ орынға тұрақтады. ІІІ орын Астана қаласының спортшыларына бұйырды. Жүлде иегерлері – Малика Тұманова мен Ерболат Әлмусин. Сонымен қатар, бес шақырым қашықтықты бағындырып белестен көрін-



ген қарағандылық Нұртілеу Амантай және Топар спортшысы Алиса Тронто. Үздік үштікті Қарағанды қаласының желаяғы Алдияр Мағзұмов қорытындылады.

– Бұл 2023 жылдың тамаша спорттық шарасы болды. Биыл жүгіруге құштар жандар қатары артты. Бұл бұқаралық спорттың алға басуы деп білемін. Елімізде спортқа көңіл бөлініп, осындай игі шаралардың ұйымдастырылып жатқаны қуантады, – дейді сайыс қатысушысы Рүстем Шкіров.

Екі шақырымдық қашықтықта қарағандылықтардың бағы жанды. Тұғырдағы үш орыннан да жергілікті желаяқтар көрінді. Олар – Виталий Красиков, Ясмينا Кәкенова, ІІ орынға Рамазан Рүстемұлы мен Сабина Қрышкіна. Ал, ІІІ орын Марат Елеуке мен Лина Басыроваға бұйырды. Қатысушылардың барлығына дипломдар мен ақшалай сый-сияпат берілді.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Сора сұлатып салды

Қазақстандық UFC файтері Шавкат Рахмоновтың туған қарындасы қарағандылық Сора Рахмонова Алматыда өткен Naiza 51 турнирінде жеңіске жетті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сора Рахмонова ресейлік жекпе-жек шебері Валерия Карыгинамен кездесті. Сегіз бұрыштағы айқас жеңіл салмақ дәрежесінде өтіп, екінші раундта уақытынан бұрын аяқталды. Жекпе-жектің аяқталу себебі Сора қарсыласын бірнеше ауыр соққысымен сұлатып тастады. Төреші амалсыз жекпе-жекті тоқтатуға мәжбүр болды. Ал, қарсылас бұрышындағы ресейлік бапкер Сораға ақ сүлгі лақтырды. Жекпе-жек заңына сай бұл жеңістенің белгісі.

• ФУТБОЛ

Сырт алаңда сыр бермеді

Ақтауда футболдан Қазақстан чемпионаты премьер-лигасының 11 турнирі өтті. «Жас қанат» алаңында жергілікті «Каспий» командасымен қарағандылық «Шахтер» футбол клубы кездесті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ойынның алғашқы кезеңінде қос команда бірін-бірі барлаумен болды. Ал, ойын ортасына қарай «Каспий» ойыншылары шабуылға көшті. Олар қарсылас командаға үсті-үстіне шабуылдар ұйымдастырып, айыл жігізбады.

Бұдан соң 8-номердегі «каспийлік» ойыншы Вилиус Арманавичус «Шахтер» қақпасына доп бағыттады. Алайда, ала доп қақпаның жақтауына соғылып, соққы нәтижесіз болды. Осы бір сәтте «Каспий» жанкүйерлері де бар дауыстарымен «Жеңіс!» деп айғайлап жатты.

Бастапқыда жанкүйерлер көзіне «Шахтер» тек қорғанып жүргендей көрінді. Қарсыластарға қарымта шабуыл да жалған жоқ.

«Каспийдің» 19-номердегі ойыншысы Мақсат Тәйкенов берілген пасты әдемі қарсы алып, допты қақпаға қарға адым қалғанда тепті. Алайда, «Шахтердің» тәжірибелі қақпашысы Игорь Шацкий бұл соққыны өткізбеді. Оның шеберлігін тіпті қарсылас ойыншылар да мойындады.

– Қақпашы шеберлігі басымдау. Қанша мәрте допты алып келсек те, Шацкийдің шырмауынан өту қиынға соғады, – дейді «каспийлік» жартылай қорғаушы Данияр Үсенов.

Шахтерға Шацкийдің бұл әрекеті әсер етті. Осыдан кейін Кеншілер командасы ширай түсті. Тіпті 10-номердегі «шахтерлік» Тимур Чогадзе қарсылас қақпасынан саңылау тауып, соққысын дарыта білді. Есеп – 1:0. Әуелден ширақтық танытқан «каспийлік» жігіттердің намысына тигені сонша олар бастапқы шабуылына қайта оралды. Абдыраған «Шахтер» ойыншылары голға жол беріп алды.



Ойынның 73 минутында шабуылшы Георгий Панцуляның оң қанаттан тепкен соққысы қақпа торына солқ еткізді. Таразы басы 1:1 болып теңесті.

Тағы бір айта кетерлігі, «Шахтер» бұл турнирде 10-орыннан тоғызға көтерілсе, «Каспий» 12-орыннан 11-орынға табан тіреді.

– Ойын жанкүйерлер үшін өте тартысты әрі қызықты өтті. Алаңдағы көңіл күй өте жоғары болды. Ал, матчқа келер

• ХАНЧЖОУ-2023

Азия ойындарына қамданыс

Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінің штаб-пәтерінде Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитеті, Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Бас консулдығы, Азия Олимпиада кеңесі және Ханчжоудағы Азия ойындары-2023 ұйымдастыру комитетінің өкілдерінің қатысуымен бірлескен баспасөз конференциясы өтті.

Іс-шара Ханчжоуда (КХР) 2023 Азия ойындарын ұйымдастыру мен өткізуді ілгерілету науқаны аясында болды. Спикер ретінде Ұлттық Олимпиада комитетінің бас хатшысы Андрей Крюков, Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің спорт департаментінің директоры Елсияр Қанағатов, Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Бас консулы Цзян Вей, Азия Олимпиадалық кеңесінің (АОК) медиа және хабар тарату мәселелері жөніндегі директоры Джян Жу және «Ази-ада-2023» ойындарын ұйымдастыру комитетінің экологиялық тұрақтылық департаменті директорының орынбасары Сяншень Мень сөз сөйледі.

– Ханчжоудағы алдағы Азия ойындары коронавирус пандемиясынан кейінгі ең үлкен спорттық оқиға болмақ. Ханчжоу-2023-те спорттың 40 түрінен 474 медаль жиянтығы сарапқа салынады. Біз Ханчжоуға 700-ден астам қазақстандық спортшы жіберіледі деп күтудеміз. Сондықтан, Ұлттық Олимпиада комитеті Ханчжоуда өтетін Азия ойындарына дайындыққа ерекше көңіл бөледі. Азия ойындары шеңберіндегі барлық іс-шаралар, соның ішінде промо-эвенттер біз үшін жоғары маңызға ие және олимпиадалық қозғалысты ілгерілетуге көмектеседі. Бұл ешқашан тоқтамайтын жүйелі жұмыс және біз осы бағыттағы күш-жігерді нығайтатын боламыз, – деді Андрей Крюков.

• РЕГБИ

Жүлдені жапондықтар алды

Алматыда әйелдер арасында регби-15 бойынша Азия чемпионатының финалдық матчы өтті.

Матчтың аяққы сәтінде қазақстандық құрама Жапониямен жолықты. Бірнеше минутқа созылған тартысты кездесу 72:0 есебімен жапондықтардың пайдасына шешілді. Бұл сында жеңімпаз атаған команда және аяққы сығна шыққан командалар WXV жаңа халықаралық турниріне жолдама алады.

• ТАЭКВОНДО

Ел намысын ең үздіктер қорғайды

Әзірбайжанның бас қаласы Бакуде таэквондодан Әлем чемпионаты басталды. Дүбірлі додада Қазақстан намысын 16 спортшы қорғайды.

Әйелдер арасында 46 келі салмақта дейін Рита Бакишева, 49 келіге дейін Ботагөз Қапанова, 53 келіге дейінгі салмақта Азиза Қараджанова, 57 келіге дейін Мария Севостьянова алаңға шықпақ. Бұл сында 2016 жылы Рио-де-Жанейро Олимпиадасына қатысқан Джансель Дениз де 73 келі салмақ сапында бақ сынады.

Ал, ерлерден Джавохирхон Исламов (54 келіге дейін), Самирхон Абабакиров (58 келіге дейін), Нұрбек Ғазез (63 келіге дейін), Эльдар Бірімбай (68 келіге дейін) және Нұрқанат Қожахмет (74 келіге дейін) қатысады.

Әлемдік біріншілік 4 маусымға дейін жалғасады.



Дайындаған Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Ararat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призеркс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖЗКХ БИН 000840001412

Таралымы 5 602
№599 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ**